# Сыр бойы

№8
(20682)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

16 қаңтар, сейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz


ПРЕЗИДЕНТ

## РЕСМИ САПАРМЕН БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 18-19 қаңтар күндері Италия және Ватикан мемлекеттеріне ресми сапармен барады.

Президент сапарының алғашқы күні Рим қаласында Италия Президенті Серджо Маттарелламен, Премьер-министр Джорджа Мелонимен келіссөздер жүргізеді. Сонымен қатар Президент «Қазақстан-Италия» инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысып, бірқатар ірі компания басшыларымен кездесулер өткізеді деп жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы келесі күні Ватиканда Рим Папасы Францискпен кездеседі. Бұдан бөлек, Президент БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) және Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының (WFP) штаб-пәтерлеріне барады.

САПАР

Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

# АУЫЛҒА ЖЕТКЕН ИГІЛІКТІҢ ЖЕМІСІ КӨП

### АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапарында алдымен «Төменарық» ауылдық округінде салынатын 15 орындық аурухананың іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

– Адамның баға жетпес байлығы – денсаулығын, өмір сапасын жақсарту жолында мемлекет тарапынан атқарылған жұмыс ауқымды. Әлемдегі геосаяси ахуалдан туындаған экономикалық қиындықтарға қарамастан, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласын дамытуды басым бағыттардың бірі ретінде белгілеп, халыққа арнаған Жолдауларында нақты талаптар қойды. «Сапалы медициналық қызмет азаматтардың тұрғылықты жеріне қарамастан бәріне бірдей қолжетімді болуы керек» деп атап өтті.

Бүгінгі қолға алынған жұмыстардың барлығы да халық денсаулығын нығайту, аурудың алдын алу үшін жасалуда. Құрылысы басталған амбулаториясы бар аурухана осы мақсаттың орындалуына септігін тигізіп, аурушаңдықтың азаюына ықпал етеді деген сенімдеміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бас мердігер «Астана сервис ЛТД» жаңа ауурахананы биыл мамыр айында пайдалануға бермек. Жалпы ауданы 1072 шаршы метр нысан құрылысының құны 893 млн теңге.

Іс-шарада еңбек ардагері Жақсылық Сапарбеков жерлестерін құттықтап, бата берді. Сондай-ақ «Төменарық» ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар азаматтың еңбегі еленіп, марапатталды.

Айта кетейік, өңірдің денсаулық сақтау саласына биыл 156 млрд 100 млн теңгеге жуық қаржы бағытталуда. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынуда. Өткен жылы 15-і ел игілігіне табысталды. Оның ішінде Жаңақорған ауданының «Қаратөбе» ауылында жаңа амбулатория ашылса, биыл «Бесарық» және Әбдіғаппар ауылдарында бой көтереді. Ұлттық жоба аясында Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы көпбейінді орталық ауруханаларға қосымша ғимараттар салынады.

2-бет

ТАҒАЙЫНДАУ

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтіп, онда жаңадан тағайындалған облыс әкімінің орынбасары таныстырылды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен және облыс әкімінің өкімімен Жаханов Бахыт Дүйсенұлы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Облыс әкімі Бахыт Жахановтың қызметіне сәттілік тіледі.

– Бахыт Дүйсенұлы – аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен етене таныс, мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өтіп, басқарушылық лауазымда мол тәжірибе жинаған әлеуеті жоғары кадр. Бұған дейін де басқарма басшысы, аудан әкімі, облыс әкімінің орынбасары лауазымдарында нәтижелі қызмет көрсеткен. Жаңа қызметте ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ветеринария, құрылыс және сәулет, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жұмылдыру дайындығы, аумақтық қорғаныс салалары мен Жаңақорған, Шиелі аудандарына жетекшілік жасайтын болады. Іскер басшы ретінде өз жұмысын жоғары деңгейде атқарады деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

2-бет

САРАП

## МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ: Келешек қай салаға мұқтаж?

Уақыт жылжыған сайын адамзаттың сұранысы да құбылады. Сол секілді қазір дүниеде мамандықтар да өзгеруде, бірі жойылып, енді бірі жаңадан пайда болды. Мәселен, индустриялық бағдарламаны жүзеге асыра бастаған тұста елімізде инженерлер ең құрметті мамандық саналған. Қаржы дағдарысына дейін мұнайдың бағасы жоғары болғанда мұнай-газ саласы мен жалпы экономикаға, бизнеске бет бұрғандар көбейді. Енді индустриялық-инновациялық бағдарламалар жайлағанда технологияның тілін меңгергендерге зәру болдық. Бірақ бұл салада білікті мамандарымыз көп дей алмаймыз. Мәселеге бойласақ, «жастарды қай бағытта оқытқан жөн?» деген сауалға ұрынамыз.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

### ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЕЛЕУСІЗ ҚҰБЫЛЫС

Жалпы елде еңбек нарығын зерттеуші сарапшылар кейінгі жылдары қашықтан басқаратын техникалық оператор, ақпараттық технолог, өнеркәсіп саласының мамандарына сұраныс артқанын айтып жүр. Қазір жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің технологиясы мен оны құрастыру, тау-кен ісі, жылу энергетикасы саласының мамандарына қажеттілік күн санап артуда. Мысалы, кейінгі 5 жылда IT мамандарға сұраныс екі есе өскен. Соған қарамастан еңбек нарығында кадр тапшылығы бар. Не десеңіз де келешекте технологиялық мамандықтарға сұраныс еселене түспек. Сөзіміз дәйексіз болмасын, мәселен, 2019 жылы Қазақстанда болашақта ең сұранысқа ие болатын 100 мамандықтың тізімі жасалды. Тізімді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мемлекеттік бағдарламалар мен кадрлық қажеттілікті болжау негізінде құрған. Сондағы 100 мамандықтың 57-сі тікелей технологиялық салаға қатысты.

Енді таяуда Еңбек ресурстарын дамыту орталығы баяндамасын жариялады. Көз жүгіртсек, жабдық операторлары, коллекторлар, пошташылар мен курьерлер, полиграфия қызметкерлері, буып-түюшілер, дәнекерлеуші сияқты орташа деңгейдегі мамандықтар көп ұзамай жойылуы мүмкін екен. Қазір цифрландыру экономикаға етене араласып, оның құрылымын, әсіресе еңбек нарығын құбылта бастады. Цифрландырудың жұмыспен қамтуға, кәсіптер санына, адами капиталға және еңбек өнімділігіне әсерін талдау маңызды. Мысалы, біраз сарапшылар адамдарды роботтармен және жасанды интеллектпен алмастырудың ақыры технологиялық жұмыссыздыққа әкелуі мүмкін деп алаңдайды. «Технологиялық жұмыссыздық» дегеніміз – өткен ғасырдан бері келе жатқан жаңа технологиялардың пайда болуымен сипатталатын жұмыссыздық түрі. Әсіресе қоғам жасанды интеллекттің дамуына ілесе алмай жатқанын көріп отырмыз.

4-бет

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫ НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында қоғамда орын алып жатқан зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу үшін мемлекет тарапынан қандай шаралар қарастырылып жатқанын айтқан еді.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

– Мұндай қылмыстардың алдын алып, жолын кесу үшін менің тапсырмаммен нақты шаралар қабылдануда. Әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен әйел тергеушілер айналысатын болды. Сондай-ақ ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілді, – деді Президент.

Айта кетсек, өткен жылы отбасындағы тұрмыстық құқық бұзушылықпен күрес тәсілдері қайта қаралды. Былтырғы шілдеден бастап полиция жәбірленушінің шағымын емес, қылмыстың анықталуын негізге алып, қылмыстық істі тіркеуге көшті, яғни мұндай қылмыстарға қатысты іс қозғау үшін зорлық-зомбылықтан жапа шеккен адамның арызы қажет емес.

3-бет

Фото: Ашық дерекқордан

# ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Актив отырысында облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов Бахыт Дүйсенұлын жаңа қызметімен құттықтады. Өз кезегінде облыс әкімінің жаңа орынбасары аймақ басшысына сенім білдіргені үшін алғысын жеткізді.

Айта кетейік, бүгінгі кадрлық өзгерістерге сәйкес, облыс әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы арасындағы міндеттер бөлінісі қайта бекітілді.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Жаналинов Данияр Еренғалиұлы экономика және қаржы, мемлекеттік сатып алу, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, кәсіпкерлік, сәулет-құрылыс бақылау және еңбек қатынастары салалары мен Қызылорда қаласына жетекшілік жасайды. Қылмыстың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін болады.

Облыс әкімінің орынбасары Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы білім, жұмыспен қамту және денсаулық сақтау, спорт және туризм салаларына, Жалағаш, Сырдария аудандарына жетекшілік жасайды.

Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Нұртай Қайрат Ырзақұлұлы Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарына жетекшілік жасайды.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Байманов Шахмардан Асқарұлы аппарат қызметіне басшылық жасаумен қатар, өңірдің қоғамдық-саяси саласына, оның ішінде қоғамдық даму, мәдениет, дін мәселелері мен цифрландыру салаларына жетекшілік етеді.

Бахыт Жаханов 1974 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қызылорда политехникалық институтын «Экономист-менеджер» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1999 жылы облыстық ауыл шаруашылығы департаментінің жетекші маманы болып бастап, әр жылдары осы департаментте түрлі лауазымдарда жұмыс жасаған. 2002-2008 жылдары облыстық білім және экономика басқармаларында бөлім басшысы, облыс әкімі аппаратының бас инспекторы, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті директорының орынбасары лауазымдарында нәтижелі қызмет көрсетті. 2008-2022 жылдары Қазалы ауданының әкімі, екі реттен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы және облыс әкімінің орынбасары ретінде тұрғындардың өзекті мәселелерін шешу жолында аянбай еңбек етті.

2022 жылдың сәуір айынан бастап осы кезге дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарып келді.

**«СБ» ақпарат.**

1-бет

# АУЫЛҒА ЖЕТКЕН ИГІЛІКТІҢ ЖЕМІСІ КӨП

Жақын күндері көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық халық игілігіне беріледі. Қызылорда қаласында 200 төсек-орынға арналған заманауи перинаталдық орталық құрылысы басталады. Жоба құны 30 млрд теңге. Мамыр айында «Қан орталығы» қызметіне кіріседі. Мұнан бөлек, жергілікті бюджеттен Арал ауданында «Қамқорлық» оңалту орталығының құрылысы басталады. Жалпы 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылуда. Бұл жұмыстарға 3 млрд 700 млн теңге қаралды. Облыстық психикалық денсаулық, өкпе аурулары орталықтары ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының ғимараты күрделі жөндеуден өткізілмек.

Сыр өңірі «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыста. Қор кейінгі екі жылда аймағымыздың білім мен медицина саласына 4 млрд теңгеге жуық қаржы бөлді. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған екі жылжымалы медициналық кешен, өзге де қажетті құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектер алынды. Қазір жылжымалы медициналық кешен шалғай ауылдарда қызмет көрсетуде.

Облыс әкімі рәсімнен соң ауыл тұрғындарымен, ақсақалдармен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

## ҮШ ЕЛДІ МЕКЕН ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімінің Жаңақорған ауданына жұмыс сапары кезінде үш елді мекенді табиғи газға қосу рәсімі болды. Алдымен Нұрлыбек Машбекұлы «Шалқия» кентінде өткен рәсімде тұрғындарды құттықтады.

– Өңірді газбен қамту көрсеткіші 75 пайызға жетті. Барлық аудан орталығы мен Арал, Қызылорда, Байқоңыр, Қазалы қалалары, 34 елді мекен табиғи газдың игілігін пайдалануда. Биыл 4 млрд теңгеге 12 елді мекенді «көгілдір отынмен» қамтамасыз етеміз. 2024 жылдың соңында облыстың газдандырылу деңгейі 78 пайызға жетеді.

Бүгін «Төменарық» ауылында ауруханың іргетасын қаладық. Бұған дейін аудандағы «Бірлік», «Қыраш», «Жайылма» ауылдарына газ жеткізілген еді. Бұл жолы «Шалқиядан» басқа «Кейден», Құттықожа ауылдары да газға қосылады. Осылайша биыл аудандағы 45 мыңға жуық тұрғын табиғи газдың пайдасын көрмек. Ауылдарыңызға келген игілік жұрт-шылықтың әлеуметтік жағдайына оң әсер ететініне сенемін, – деді аймақ басшысы.

Рәсімде еңбек ардагері Бахадүр Сұлтанахмет жерлестерін құттықтап, жиналған қауымға бата берді.

Іс-шарада аудан ардагерлері мен ауыл тұрғындары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мұнан бөлек, кеше ауданның Құттықожа, «Кейден» елді мекендеріне жүргізілген газ желісі іске қосылды. Облыс әкімі тұрғындарды құттықтап, ізгі тілек білдірді. «Кейден» ауылында газға қосылған үйді көріп, сыйлық табыстады.

Аймақ басшысы газ қосу рәсімінен соң мұнда да ауыл тұрғындарымен, кездесіп, ұсыныс-пікірлерге ден қойды.

## ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапарында «МАИ бекеті» мәлтек ауданындағы 300 орындық мектептің ашылу салтанатына қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды жаңа білім ордасының пайдалануға берілуімен құттықтап, Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асқан, алдағы уақытқа жоспарланған жұмыстарға тоқталды. Соның ішінде өскелең ұрпақтың болашағы мен игілігі үшін атқарылған істердің ауқымы зор.

– Жыл басында өздеріңізбен кездесіп, жаңа мектепті табыстағанымызға қуаныштымыз. Білім саласының бюджетін биыл 291 млрд теңгемен бастадық. Бұл қаржы жыл соңына дейін тағы да артады. Салада ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Президент бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 21 мектеп бой көтереді. Былтыр 10 мектептің құрылысы басталды. Биыл тағы 11 мектептің іргетасы қаланады. Ұлттық жобамен Жаңақорған кентінде 600 орындық, «Жаңарық» ауылында 300 орындық мектеп салынуда. Одан бөлек, облыстық бюджет есебінен Байкенже ауылында 150 орындық мектеп құрылысы жүруде. Қызылорда қаласында құны 7 млрд 900 млн теңгені құрайтын физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы қарқын алды. Жаңақорған және Шиелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау үшін облыс орталығынан 10 млрд теңгенің «Шығармашылық академиясын» салу қолға алынады.

Биыл Жаңақорған ауданында ауқымды жұмыстар атқарылады. «Екпінді» ауылында 100 орындық ауылдық клуб құрылысы басталады. «Келінтөбеде» жаңа спорт кешені бой көтереді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға арналған 24 тұрғын үй табысталады. Өзге де жоспарларымыз бар.

Бүгін табысталған жаңа білім ошағынан алдыңғы буынның ізгі жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сенеміміз мол. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болсын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты іс-шарада сала ардагері Ізәтіллә Нәрзілдаев жерлестерін құттықтап, бата берді.

Ашылу рәсімінде нысан құрылысын салған мердігер мекеме қызметкерлері мен басталған іске жанашырлығымен, елеулі еңбегімен үлес қосқан кент тұрғындары марапатталды.

Іс-шара соңында қонақтар мектеп ғимаратын аралап көрді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ – ӨЗГЕШЕ НЫСАН

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Өнер орталығының» құрылыс жұмыстарымен танысты.

Қазір ғимараттың құрылыс-монтаждау жұмыстары 99% аяқталған. Іші әрленіп, сырланып, құрал-жабдықтары орнатылуда. Нысанның салтанатты ашылу рәсімі наурыз айында өткізілмек.

Еске салсақ, 2022 жылдың қыркүйек айында Қызылордада 1000 келушіге арналған «Өнер орталығының» іргетасы қаланды. Құны 3,7 млрд теңгені құрайтын екі қабатты ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі.

Аймақ басшысы жаңа нысанды аралап, жұмысты тиянақты жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, көрермендерге концерттерді кәсіби әрі жанды дауыста ұсыну үшін симфония оркестрі құрылды. Ұжымның салтанатты тұсаукесер рәсімі жаңа орталықта өтеді.

Ғимарат заманауи сәулет үлгісімен жобаланған, жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмек. Мың адамға арналған көрермен залы, үйірме бөлмелері жұмыс істейді. Әсем ғимарат қаладағы көрікті нысандардың біріне айналып үлгерді. Алдағы уақытта жас жеткіншектердің бос уақытын тиімді өткізуіне арналған өнеге ордасы болмақ. Мұнда бұрын теміржолшылар клубында қызмет көрсеткен Қызылорда облыстық филармониясы орналасады. Клубтың жылу жүйесі соңғы 15 жылдың көлемінде күрделі жөндеуден өтпеген, еденінің, электр желілерінің тозығы жеткен. Шатырына және іші-сыртына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, желдету жүйесі де қарастырылмаған. Сахналық құрылғылар техникалық қауіпсіздік талаптарына сай емес. Акустикалық тұрғыдан да осал әрі аумағы өте тар. Сондықтан Қызылорда облыстық филармониясына заманауи талаптарға сай және жаңа үлгідегі «Өнер орталығын» салу қолға алынды.

# ЖАҢА ЖОБАЛАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облысында «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» негізге алынып, оны іске асыруға басымдық берілген. Ауылдық елді мекендердің алдағы жоспарлары, өркендеу мүмкіндіктері қарастырылуда. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдегі ауылдардың әлеуметтік-экономикалық жай-күйі, даму бағыттары талқыланған мәжіліс өтті.

– Өткен жылы ауыл игілігі үшін мемлекеттік бюджеттен 18 млрд теңге қаржы берілді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 47 елді мекенде 216 жобаны жүзеге асыруға 12 млрд 400 млн теңге бөлінді. Биыл бағдарлама аясында 11 млрд теңгеге 67 жоба межеленген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 3 млрд теңгеге 404 жоба жүзеге асты. Биылға 6 млрд теңгеге жуық қаржыға 800-ден астам жоба жоспарланған. Өткен жылдан бері қолға алынған «Үлгілі елді мекен» жобасы аясында жеңімпаз 12 елді мекенге күнделікті ел тұрмысына қажетті заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді. Тағы 12 ауылдық елді мекенге газ кіргізіліп, қазіргі кезде табиғи газдың игілігін пайдаланатын ауыл саны 34-ке жетті. Биыл 4 млрд теңгеге 12 елді мекенді «көгілдір отынмен» қамтамасыз етеміз. Мұның барлығы – ағайынның әл-ауқатын арттыру бағытында жасалған жұмыстар, – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте Жалағаш ауданы «Таң» ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ондағы кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс салаларын өркендетудің жолдары талқыланды.

– Бұл ауылға соңғы 5 жылда 2,4 млрд теңге қаражат бөлінді. Соның 1,3 млрд теңгесі демеушілік есебінен, яғни осы ауылдың тумасы Имамзада Қуанышбайұлы өз қаржысын салған. Осылайша халықты тұрақты жұмыспен қамтып келеді. Былтыр қараша айында арнайы көшпелі мәжіліс өткізіп, тиісті тапсырмалар берген болатынбыз, – деді аймақ басшысы.

Жиында Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов және бірқатар басқарма басшылары баяндама жасады. Өткен жылы «Таңдағы» бірқатар

әлеуметтік нысандар мен автомобиль жолдарын жөндеуге жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, бюджет есебінен қаржыландыруға ұсынылды. Биыл 4 жобаға облыстық бюджеттен 813,9 млн теңге бөлінді. Мәдениет үйін күрделі жөндеудің жоба-сметалық құжаттамасы мен эскиздік жобасын әзірлеуге Алматы, Түркістан қалаларындағы тәжірибелі сәулетші мамандар қатысты. Жоба құны – 377,4 млн теңге. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды, қорытындысы 26 қаңтар күні анықталады.

Сондай-ақ «Таң-Жаңақоныс» автомобиль жолын қайта жаңғыртуға 287,6 млн теңге, «Таң-Самұрат» автомобиль жолын қайта жаңғыртуға 118,8 млн теңге, қосымша 1-су көтеру ұңғымасын қайта қазуға 30 млн теңге бөлінді. Бұл жобалардың мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Ауылға кіреберістегі «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғыртуға және 4 көшені жарықтандыруға ЖСҚ әзірленіп, бюджеттік өтінімдер жолданды. Ішкі көшелерге ағымдағы жөндеу жұмыстары аудандық бюджет есебінен іске асырылмақ. Өндірістік ғимараттар мен «Таң LTD» ЖШС-ның демеушілігімен салынатын жаңа тұрғын үйлердің орналасатын орындары белгіленіп, эскиздік жобаға енгізілді.

Мұнан бөлек, биыл ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің «Ауылда, кентте, ауылдық округте жалға берілетін тұрғынжай салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы күшіне енді. Осы орайда Құрылыс комитеті кәсіпкердің тұрғын үй құрылысына кеткен шығындарының 50 пайызын субсидиялауға мүмкіндік бар екендігін хабарлады. Жұмыс аяқталған соң бюджеттік өтінімдер тапсырылады.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінен «Таң» ауылына кіреберіс жолдың бойына ағаш егу үшін облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы қажетті көшеттермен қамтамасыз етеді. Ал тал егу және су апару жұмыстарын «Таң LTD» ЖШС жүзеге асырады.

Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» жобасы аясында құс өсіру жобасы пысықталды. Қазіргі уақытта 500 басқа арналған тауық шаруашылығын ашу бағытында жеке кәсіпкер Д.Доспановтың құжаттары әзірленуде.

Жиында аталған жобаларды іске асыру мерзімдері мен барысы егжей-тегжейлі талқыланып, жауапты сала басшыларына жұмысты сапалы әрі мерзімінде аяқтау туралы тиісті тапсырмалар берілді.

Алдағы уақытта өңірдегі басқа да ауылдардың даму жоспарлары, мүмкіндіктері кезең-кезеңімен жан-жақты қаралатын болады.

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫ НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік едәуір күшейтілді. Жәбірленуші қайта-қайта қысымға ұшырамауы үшін бұдан былай мұндай іске қатысты тараптарға екінші рет татуласу мүмкіндігі берілмейтін болды.

## 69 ӘЙЕЛ, 7 БАЛА КӨЗ ЖҰМДЫ

Сондай-ақ Мәжілістің бір топ депутаты тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасын әзірлеп жатыр. Жаңа заң жобасы әлі Парламент қарауына жіберілмегенмен, ондағы бірқатар өзгертулер таныстырылып, қоғам талқысына ұсынылды.

Айталық, бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қатысушыларды Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында AMANAT партиясы фракциясының депутаттарымен, мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірленген әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заң жобасының негізгі нормаларымен таныстырды.

– Жазасыздық көбінесе ауыр зардаптарға әкеліп жатады. Өткен жылы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан 69 әйел, 7 бала көз жұмды. Зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза қарастырылғанын бәрі білуі керек. Зорлық-зомбылықтың алдын алу кешенді шараларды талап етеді және бұл үшін барлық қажетті норма көзделген. Оның ішінде отбасыларға, балаларға көмек көрсету инфрақұрылымын құру, агрессормен психологиялық жұмыс, агрессорды пәтерден шығару және тағы басқа, – деді Динара Зәкиева.

Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің айтуынша, заң жобасында ұрып-соғу, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру үшін қылмыстық жауапкершілік, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрі және орташа, ауыр зиян келтіру сияқты қылмыстар үшін жазаны қатаңдатуды қарастырған.

Айта кетейік, заң жобасы қазір Үкіметтің қорытындысында және осы айдың соңында жұмыс тобында талқылану үшін Мәжіліске түспек. Оған сәйкес, енді сот оқшаулаудың жаңа тәртібін жүзеге асыруы мүмкін. Отбасына зорлық көрсетуші уақытша өз үйінен аластатылады. Отбасылық зорлық-зомбылық туралы заңға өзгерістер енгізіліп, мемлекетте ана мен баланы қорғаудың жаңа жүйесі пайда болады. Отбасылық құндылықтарды арттыру үшін заң қатаюы тиіс.

Ішкі істер министрілігі адам денсаулығына жеңіл зақым келтірілсе де, түрлі дене жарақатын қылмыс деп табуы мүмкін. Тәртіпке бағынбай, отбасы мүшелеріне зорлық көрсетушілер әлеуметтік оңалту орталықтарына тоғытылатын болады. Ол жерде зорлық көрсетуші психологиялық түзету курстарынан өтіп, оның мінезін түзеу үшін арнайы жұмыстар жүргізіледі. Ішкі істер министрілігі мұның барлығы өз отбасында зорлық-зомбылыққа ұшырап келген ана мен баланы қорғау бағытында жүзеге асырылатындығын мәлімдеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға Қылмыстық кодекс баптары бойынша жаза тағайындалады.

## ЖАПА ШЕГУШІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛУДА?

2023 жылдың алты айында полицейлер тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша 50 мың арыз қарап, оның 64 пайызы бойынша әкімшілік іс қозғаған. Бұл туралы ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Ренат Зұлхайыров мәлім етті.

Ішкі істер министрлігі жаңа заңнама аясында 2023 жылдың екінші жартыжылдығына әкімшілік қамауға алынғандар саны екі есеге өскенін хабарлады. Бұл ретте 27 мыңнан астам отбасы сотта татуласқан.

– Министрлік зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасылармен профилактикалық жұмысты күшейтті. Зардап шеккендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы 87 мың қорғау нұсқамасы шығарылып, құқық бұзушының тәртібіне 15 мың арнайы талап қойылды. Бұл тұлғалар полицияның күшейтілген бақылауында. 12 мың шектеуді бұзудың жолы кесілді, – деді Ренат Зұлхайыров.

Сондай-ақ ол елімізде отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды тіркеудің, оның ішінде тұрмыстық қылмыстарды қоса алғанда, 14%-ға төмендеу үрдісі байқалғанын атап өтті.

Бұған дейін қазақстандықтар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа ашық хат жазып, онда әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатайтуды сұраған болатын. Атап айтқанда, өтініште Қылмыстық кодекстегі «Ұрып-соғу» және «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» баптарының нормалары қалпына келтірілсін деп көрсетілген. Сондай-ақ азаматтар отбасылық-тұрмыстық салада басқа да құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейтуді сұрады. Петиция 150 мыңнан астам қол жинады, бірақ жарамсыз деп таныды.

Үкімет сондай-ақ желтоқсан айының басында Президент Жарлығымен адам құқықтары мен заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілгенін хабарлады. Оған сәйкес, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде әйел қызметкерлерді барынша тарта отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу үшін мамандандырылған бөлімшелер құрылады.

Олар зорлық-зомбылық көргендерге психологиялық және құқықтық көмек көрсетеді, оларды сотқа және медициналық мекемелерге алып барады, сондай-ақ зорлаушылармен және ықтимал жапа шегушілермен профилактикалық жұмыс жүргізеді.

Премьер-министрдің тағы бір жауабына сәйкес, алименттік қарыздар бойынша жауапкершілікті күшейтуге бағытталған заңнамалық түзетулер жақын арада Мәжілістің қарауына жіберіледі.

1-бет

Фото: Ашық дереккөзден

ТӘЛІМ

Фото: Ашық дереккөзден

# Есімдегі ескірмейтін естелік

Бұрын естігенмен қолыма түспей жүрген Евней Букетовтің «Көкейкесті – Сокровенное» кітабын оқып шықтым. Студент кезімде Евней ағама немере ағам Әбдештің үйінде қонақта болғанда қызмет жасағаным есіме түсті. Ол кезде Евней Арыстанұлы драматург Қалтай ағамның бажасы еді, Алма Фарида жеңгемнің туған сіңлісі болатын.

«Көкейкестідегі» қағазға түскен дүниелердің ішінде көзіме оттай басылғаны «Атан қомында туған адам және оның әріптестері» атты көлемді ғылыми әм әдеби жанрда жазылған дүние еді. Аспирант кезімде академик Ишанбай Қарақұлұлымен кездесіп, ұлағатты сөздерін тыңдағаным санамда қайта жаңғырып, осы мақаланы жазуыма түрткі болды. Қос академикпен бейтаныс болмағаным, қаламыма жел бергендей.

Сол кезде қос тұлғаға деген сезімім тап бүгінгідей болды десем, өзімді өзім алдағаным ғой. Ал адамға жауапкершілік жүгін уақыттың артатыны даусыз дүние. Сексеннен асқан шағымда ұрпақтарымның алдында әкеміз, атамыз кім болған деген сауалға жауап, ал ұлылардың ұлағаты болашақ жастарымызға үлгі бола берсін.

1975 жылы Қызылорда пединститутының жолдамасымен мақсатты аспирантураға қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педуниверситетіне түсіп, «Саяси экономия» кафедрасының аспиранты атандым. Кафедра меңгерушісі доцент Г.Анипченко. Қазақ ғылым академиясының корреспондент мүшесі С.Толыбеков, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ц.Фридман, қалғандары доценттер. Менімен бірге Алматы Жоғары партия мектебінің кафедра меңгерушісі, профессор М.Ізтілеуовтің қызы Мәдина да аспирант. Үш айдан кейін екеуміз де С.Толыбековтың аспиранты болып бекітілдік. Мен кафедраның барлық ғылыми, қоғамдық жұмыстарына белсене араласып кеттім.

Кафедрадағы құрметті, сыйлы ақсақалдарымыздың бірі, оң аяғын сылтып басатын, таяғын тастамайтын, Сәке деп кеткен доценттің өзіме деген шынайы қатынасын сезінетінмін. Менің қайдан келгенімді, руымның кім екенін білгеннен кейін, арамыздағы қатынасымыз беки түсті. Сөйтсем, доцент ағамның жұбайы Қожаның қызы екен. Бірде Сәке аға маған кафедра мүшелеріне шәй беретінін хабарлап, қонақтарға қызмет жасауымды өтінді. Жерлесі, аты әлемді шарлап кеткен академик Ишанбай Қарақұлов дастарханды басқаратынын, мені онымен таныстыратынын тәптіштеп айтып берді.

Ишанбай аға жайлы мағлұматымның жетімсіздігін сезініп, ол жайлы баспа бетін көрген материалдарды зерттей бастадым. Солардың негізгілері Ишанбай ағаның әкесі Қарақұл Қобыланды батырдың қарындасы Қарлығаштан тарайтын оныншы ұрпақ екенін білдім. Қарақұлдың жұбайы Ақанайдың айы-күні жетіп, атаның қомында туғанын, есімін ырымдап, Ишанбай қойғанын білдім. Алматы мемлекеттік медицина институтының аспирантурасын бітіргенде сол кездегі Қазақстанды басқарған Мирзоянның шақыруымен қабылдауында болып, Ақтөбе, Орал облыстарындағы елді мекендердегі медициналық ахуалды зерттеген экспедицияға басшылық етіпті. Отызыншы жылдардың зобалаңы оны айналып өтпепті. Жаламен 1939 жылы денсаулық халық комиссары қызметінен босайды. Жығылғанға жұдырық дегендей сүйікті жары Ириада тұңғышын босану кезінде қайтыс болып, өмірге келген қызы Марияға ана сүтін ему бақыты бұйырмапты. Отан соғысының отты жылдарында мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін әртүрлі эпидемиологиялық апаттардан сақтау үшін Свердловск мен Сталинградта оқшауланған, өте құпия жағдайда қызмет жасапты. Бас қолбасшы И.Сталин Ишанбай ағаға алғыс жариялап, қызыл аланда өткен Жеңіс шеруіне қатысқан қазақ екенін білдім.

Ишанбай ағаның терең, мағыналы, жемісті өмірбаянының кейбір сәтімен іштей танысып, Сәке ағаның үйіне келдім. Шақырылған кафедра мүшелері толық жиналған. Дастарханның ортасынан бір орын қалдырылыпты. Қонақтар жайғасып болған кезде, орта бойлы, өте қарапайым киінген, алпысты алқымдаған, жүзінен жақсылық нышаны төгіліп тұрған, атақ-даңқынан қарапайымдылығы басым көрінетін Ишанбай аға да келді. Отырғандардың барлығы қол шапалақтап қарсы алды. Сәке аға оның жерлесі екенін бүгінгі дастарханның билігі соның құзырында екенін хабарлап, кафедра мүшелерін таныстырып, менің аспирант екенімді, бүгінгі қонақтарға қызмет жасайтынымды да ескертті.

Дастархан билігін қолына алған аға отырғандарға бәрімен етене таныстай тост беріп, арасында өз өмірінің қызықты сәттерінен Индия, Африка елдерінде болған жайттардан әңгіме айтып отырды. Ортамызда аға оқытушы өте ажарлы, қиылған қара қасты, қазақтан гөрі өзбектің қас сұлуына ұқсайтын Зейнолла есімді қызға көбірек назар аударғанын байқадым. Отырыста жоғары ғылыми атақ дәрежесі мен лауазымына қарамастан, әркайсысы өз шамаларын байқап, көсіліп, ештеңе айта алмады. Шамасы Ишанбай ағаның таным географиясын, білім дәрежесін, парасат-пайымын сезіп, мойындаған ғой.

Қонақтар тарағаннан кейін, Сәке аға маған «Ишанбай ағаңды шығарып сал» деген тапсырма берді. Көшеге шығысымен такси ұстайын деп жан-жағыма елендей бастағанда, ол «керегі жоқ, шамалы жаяу таза ауамен жүреміз де, травмайға мінеміз» деді. Үйден шығып, Комсомольская көшесімен (қазіргі Төле би) трамвай аялдамасына жеткенше ағаның қай жерденсің, руың кім, ғылыми зерттеуінің бағыты қандай, отбасылық жағдайым жайлы, ғылыми жетекшім кім, т.б. сұрақтарына жауап беріп үлгердім. Ақтөбе облысының өнеркәсіп орындары, өндіріс ошақтарының қалыптасуы, орналасуы жайлы ғылыми ізденісімді айтқанда, Ақтөбе, Орал облысының экономикалық даму келешегіне қатысты өз пікірлерін ортаға сала сөйледі. Ғылыми жетекшім академик Серғали Толыбеков жайлы, оның ғылым жолындағы адалдығын, принципшілдігін, нақты мысалдармен алдыма тартты. Жерлес дегенмен, ізденіс жолында ол тарапынан қолдау болмайтынын баса айтты. Аспирант кезімдегі үш жыл ішінде Серғали ағаның шыншылдық, талапшылдық принциптерін сезіндім. Орыс тілінде жазған диссертациялық жұмысымды ерінбей парақтап, оқып, кейбір ой-пікірлерін қосып отыратын-ды. Қамқорлығы арқасында Украина ғылым академиясының экономика институтында диссертациямды қорғап шықтым.

Трамвай Коммунист проспектісімен (қазіргі Абылай хан) Шевченко көшесінің қиылысына келгенде түсіп, сол жерде салынған көпқабатты ағаш үйлердің бірінің алдына келіп тоқтадық. «Інім, мені үйге дейін кіргізіп саласың» деп, екінші қабатқа көтерілдік. Есікті егде тартқан орыс апай ашты. Асығыңқырап тұрғанымды байқаған Ишанбай аға «Маша, принеси водки с закусками» дегені сол, апай айтқандарын екі етпей, подноспен әкеліп, телефон тұрған жерге қойды. Оқушыларым оны несіне айтып отыр деуі де мүмкін. Ал мен атағы әлемді шарлап кеткен академиктің қарапайымдылығын айтып отырмын. «Мынаны өзің үшін, екіншіні мен үшін аласың» деп әкелген екі ыдысқа да толтырып арақ құйды. Жас кезім ғой, ғалым ағаның шын ықыласы демеу болды ма, әлде оның мейірімді, шырайлы жүзі арақтың әзәзіл буын тас-талқан етті ма, өзімді жақсы сезіндім. «Маған кез келген уақытта телефон шалып тұр» деп визиткасы мен кітабын ұсынды. Подностағы конфеттен уыстап алып, «мынаны менің атымнан Зейнолла қарындасыма берерсің» деп қоштасты. Алған әсерімді жатақханада мені күтіп отырған Өндіріс Ахметов іниме жеткізуге асықтым.

«Ұлылықтың көрінісі адамның қарапайымдылығында жатады-ау» деген ой түйдім. Осындай сәттерді академик Зейнолла Қабдоллов ағамнан көргенім, сезінгенім есіме түсті. Ескірмей есімде қалған естелігім шеніне, шекпеніне, лауазымына, байлығына бастары айналып жүрген кейбіреулердің санасына сәл де болса әсер етер, болашақ жастарымыз ұлылардың ұлықтығынан үлгі алар деген оймен ойымды тәмамдадым.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**профессор**

ЖОБА

## «Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 18 маусымдағы №325 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 18 маусымдағы №325 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6832 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы** **Аты-жөні**

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

# Келіннің келісті келбеті

Ұлтымыздың ұрпаққа ұласқан тәлім-тәрбиесі тектен тамыр тартып, халқымызбен бірге жасасып келеді. Бала күннен көрген тәрбие, ата-анамыздың ағайын-бауыр, туған-туыспен қарым-қатынасы қазақ мәдениетінің биік көрсеткіші десек болғандай. Тойтомалақ, өлім-жітімнің қандай да бір жиыны ағайынның мәслихатынсыз іске аспайтын.

Мәслихатты рудың үлкені бастап, алдағы жиынның барысын бастан-аяқ талқыға салып, әрбірінің атқарар қызметі нақтыланып, бекітілетін. Сондай мәслихат біздің шаңырақта жиі өтіп отыратын. Анам келген ағайын-туыстың қызметін жасап, тікесінен тік тұрып күтетін.

Әкем анадан төртеу еді, үш ұл, бір қыз. Өзі ұлдың ортаншысы болды. Ата-енесін қолында баққан анам дүниеден озғанша үлкенге сәлем етумен кетті. Әкем 66 жасында, артынша екі жылдан соң анам дүниеден өтті. Анам марқұм өмірден озғанша иіліп сәлем салуын үзбеді. Осы үлгісін өзінен кейінгі келіндері жалғастырды десек болғандай. Сондай ерекше көретін келіндерінің бірі Күләш жеңгеміз еді.

Әкеммен немере Жолшора әкеміз ел-халықтың, ағайын-туыстың сый-құрметіне бөленген, абыройы асқан кісі болды. Үйінен адам үзілмейтін. Күләш жеңгем – сол Жолшора әкеміздің Жақыпбек деген жалғыз ұлының әйелі. Жеңгеміз парасат-пайымы биік, халықтың алғысына бөленген, жүрегіне Алла нұр құйған заты бөлек жан болды. Сүт комбинатында жұмыс жасады. Өзінің келіндік қызметін де мінсіз атқарды. Ата-енесіне уақытылы шәй-тамағын беріп, баптап күтетін. Біз бала болсақ та аңғарып жүруші едік. Иманды болсын.

Бір күні жеңгеміз жұмыстан сәл кешігіп қалады. Мұндайға үйренбеген атасы тағатсызданып келінін есік алдындағы сәкінің үстінде есіктен көз алмай күтіп отырады. Келіні дарбазаның есігін ашып кіре бергенде ренішін білдіріп қолындағы таяғын сәкіден асырып тастай салады. Атасының көңіл-күйін түсіне қойған келіні жерде жатқан таяғына сәлем етіп, көтеріп әкеліп атасының жанына қояды да, дереу қызметіне кіріседі.

Бұл туралы «атасының таяғына сәлем еткен келін» деп ағайын-туысқа аңыз әңгімедей тарап кетеді. Осы бір болған жайтты анам марқұм бәрімізге үлгі етіп айтып отыратын. «Қызым саған айтам, келінім сен тында» деген әңгіме осындайдан шықса керек.

**Ұ.МӘЛКІАЙДАРҚЫЗЫ**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

# Дүние дүрмек

## Жүк көліктеріне шектеу қойылды

Ресей мен Беларусь шекарасында ЕАЭО басқа елдерінен барған жүк көліктеріне шектеу қойылды.

Енді Қазақстан, Қырғызстан және Армения жүк көліктеріне тек «Езерище – Лобок» учаскесі арқылы өтуге рұқсат етілді.

Бұл туралы Беларусь кеден комитеті хабарлады.

## Мұнай өнімдерін импорттауды тоқтатпақ

Ирак Мұнай министрлігінің ресми өкілі Асем Джихад елдің биыл мұнай өнімдерін импорттауды толығымен тоқтатуды жоспарлап отырғанын айтты. Trend басылымының мәліметінше, 2024 жылы ел жергілікті өндіріске көбірек сүйенеді.

«Бірқатар мұнай өңдеу зауыттарында өндіріс басталғаннан кейін мұнай өнімдерінің импорты толығымен тоқтағанға дейін төмендейді» деді Джихад.

Қазір Ирак дәлелденген мұнай қорымен (112 миллиард баррель) әлемдегі жетекші мұнай мемлекеттерінің қатарында.

## Үлкен қойма өртенді

Санкт-Петербургте Wildberries-тің қоймасы өртенді. Өрт 50 мың шаршы метр аумақты шарпыды. Бастапқыда шамамен 1000 шаршы метр деп хабарланды. Мәскеу тас жолындағы қойманың жалпы ауданы шамамен 100 мың шаршы метр. Өрт кезінде қоймада қызметкерлер болған, эвакуация уақытында дүрбелең басталған. Ресей Төтенше жағдайлар министрлігінің хабарлауынша, өрт бес балдық шкаланың ішінде төртінші болды. Зардап шеккендер туралы ақпарат жоқ.

## Із-түзсіз жоғалып кетті

Қытайдың орталығындағы Хэнань провинциясында көмір шахтасындағы апаттан 61 адам шыға алмай қалып, 14-і із-түзсіз жоғалды. Бұл туралы Синьхуа ақпарат агенттігі хабарлады.

Оқиға орнында құтқару жұмысы жалғасып жатыр. Алдын ала болжам бойынша, апатқа желдету жүйесінің сыртқы бөлігіндегі газ бен көмірдің бөлінуі себеп болған.

Қытай билігі оқиғаны тергеп жатыр.

## Лай көшкінінің зардабы

Колумбияның солтүстік батысында лай көшкінінен 34 адам опат болды. Ондаған азамат жарақат алды. Жергілікті БАҚ өкілдері таратқан ақпаратқа сәйкес, осы уақытқа дейін 25 адам ауруханаға жатқызылған. Бұдан бөлек лай көшкіні тас жолды басып, бірнеше көлік бүлінген.

Қазір оқиға орнында құтқару жұмыстары жүріп жатыр. Себебі із-түзсіз жоғалып кеткендер бар.

**Ақпарат көздерінен дайындаған**
**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

# МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ:

## Келешек қай салаға мұқтаж?

Бұл жерде қаншама технология жаңартылып жатса да, алмастыра алмайтын мамандық түрлері де айтылады. Санатта балабақша тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері, топ-менеджерлер, заңгерлер, зерттеуші-талдаушылар бар. Бірақ экономикада мұндай жұмыс түрлерімен қамтылғандар үлесі шамамен 7,5 пайызды ғана құрайды.

Баяндама авторлары кей мамандықтардың жойылу процесі алдағы онжылдықта басталатынын айтқан. Қазір көптеген кәсіп түрін толық болмаса да жартылай автоматтандыруға мүмкіндік артты. Дегенмен жойылған саланың орнын басқа да жұмыстар алмастыра алады. Мәселен, бір зауытты толық автоматтандырып тастаған күннің өзінде роботтарды басқарып, бағдар беретін келесі бір салалар шығады. Дегенмен Қазақстанның жағдайында жаңа технологиялардың ықпалынан сескену негізсіз сияқты. Өйткені дамушы елдер цифрландыруға толық дайын емес. Сондықтан дамыған және дамушы елдер тұрғысынан оның таралу қарқыны әртүрлі болмақ. Жақын арада еліміз толыққанды технологиялық өзгеріске ұшырап, қарқынды автоматтандырудан өтуі екіталай.

Экономиканың күрделілік индексі бойынша Қазақстан 133 елдің ішінде 81-орында, яғни, құны арзан өндірістің жоғары үлесін көрсетеді. Шикізат секторының жоғары үлесі басқа секторлардың қысқаруына және олардағы өнімділіктің төмендеуіне әкелді. Елімізде біліктілігі орташа және төмен қызметкерлерге сұраныс бола береді. Цифрландыру, ең алдымен, орта білікті қызметкерлерге әсер етуі мүмкін екенін ескерсек, дамыған елдермен салыстырғанда кешігіп келсе де, жұмыс күшінің көп бөлігі сұраныста ие болмай қалу үрдісі бізге де жетуі мүмкін.

Екінші жағынан, шикізат бағытына бет бұру Қазақстанды дамыған елдерден алыстатып тұр. Бюджеттің Ұлттық қорға түсетін түсімдерге үлкен тәуелділігіне байланысты экономикамыз жиі теңселеді. Мұндай жағдай Қазақстанда жаңа технологияларды енгізу ісіне әсер етіп, оларды одан әрі кейінге қалдырады. EduNavigator жобасына жетекшілік еткен Ғизат Маханов та технологиялық салаларға сұраныс артқанын растап отыр. Дегенмен жоғарыда айтқанымыздай, салалардың түбегейлі өзгеруіне себеп жоқ.

– Елде технарлар көбейгені даусыз. Соңғы 5-10 жылдықта диджитализация жақсы дамыды. Бұрынғы мен қазіргінің айырмасы жер мен көктей, яғни, күнделікті қажеттіліктің бәрінде, банк қызметі, құжаттарды онлайн рәсімдеу, білім алу, такси шақыру, тапсырыс беру секілді дүниелер айтарлықтай жеңілдеді. Бұл – бір жағы. Қазір көлік құрастыру тәрізді салалар да дамып жатыр, мамандарға сұраныс көп. Ауыл шаруашылығын алып қарасақ, ол жерге де биотехнология, химия мамандары қажет. Қазақстанда 1990-2000 жылдары гуманитарлық мамандықтарға сұраныс өте көп болды. Енді өндірістің қарқын алуына байланысты технарлар алға шықты. Қарапайым бір мысал, терең ғылымды қажет ететін ғимараттар салуда архитекторлар тапшы. Амалсыз шетелден әкеледі. Жалпы, Қазақстан технологиялық дамуын бағалар болсақ, әлемде ең алдыңғы қатарда болмаса да, соңында емес. Биология, химия, өндіріс салалары да алға ілгерілеп келеді. Әйтеуір бір орында тұрмағанымыз анық, – дейді сарапшы.

Фото: Ашық дереккөзден

Қолдық Г.ӨТЕШОВА

Айтпақшы, 2022 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігі техникалық мамандықтарға грант санын арттырды. Оған дейін жыл сайын 60 мыңға жуық гранттың 40 пайызы техникалық мамандықтарға бейімделген еді. Енді техникалық мамандықтар үлесі 60 пайызға жетті. Демек, педагогика, IT және техникалық бағыттағы білім салаларына грант көбірек бөлінеді.

### Жұмыссыздық һәм жасанды интеллект

Кейде жастар өз саласы бойынша білім алып, оқуды аяқтаған соң басқа салада қызмет етіп не жеке кәсіпке ден қояды, яғни, жүздеген грант бөліп, жастар оқыған кейбір мамандық шындығында еңбек нарығында сұранысы жоқ, елеусіз сала болуы мүмкін. Бұндайда кез келген жоғары оқу орны еңбек нарығын болжап, сараптап отырғаны абзал. Қандай өзгерістер болып жатқанын, білім алған шәкірттер кейін жұмыссыз қалмауын ескергені жөн. Оқу бағдарламалары сұранысқа сай дайындалуы тиіс. Бірақ елімізде көп оқу орны бұл іспен ден қойып, айналыспайтын тәрізді.

Жаңа технологияларды сөз етеміз-ау, онсыз да елде жұмыссыздар үлесі аз емес. Пандемиядан кейін бұл бағытта оң өзгеріс болған жоқ. 2021 жылы 451,3 мың адам жұмыссыз болса, былтыр 452,6 мың адамды құраған. Екі жыл бойы шамалас деңгейден аспай, өзгеріссіз тұрған сандар.

Адамзат жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізу жолында аянбай жатыр. Қазір адам өмірін жеңілдетіп, тиімділікті арттыру үшін автоматизация, роботизация, жасанды интеллект тәрізді үрдістер таралды. Адам атқаратын кез келген қызметті роботтар жасай алады деген дәме бар. Тіпті, жасанды интеллект арқылы роботтарға мақала жаздыруға мүмкіндік туды. Үй жинап, балаға күтуші болған роботтар, ақылды техникалар ғылымның тенденциясына айналды. Мейлі 20 жыл, бәлкім 40 жыл дейік, бұл үрдістер елімізге жетсе, жұмыссыздар қатары расымен көбейе бере ме? Оның алғышартын байқау қиын емес, Қазақстанда алпауыт кәсіпорындар бұрын бірнеше адам атқаратын жұмысты автоматтандыру арқылы оңай жүзеге асыра бастауда. 2021 жылдың соңында Атыраудағы «Теңіз» кеніші 39 мың адамды жұмыстан босатқаны бар. Өйткені ол адамдардың негізгі жоспары орындалған соң кейінгі қалыпты процестерді атқаруда қажеті жоқ.

– Жаңа технологиялар адамзатқа ылғи үрей тудырады. XX ғасырдың басында екінші дүниежүзілік соғыстан кейін осындай үрей болды. Жасанды интеллект, роботизация басталғаннан кейін адамдар тағы да «жұмыссыздық болады, жұмысымызды алып қояды» деп алаңдап жүр. Мәселеге пессимистік көзқараспен қарасақ, кемшілік бар. Бірақ «жұмыссыздық және технология» деген дүниеде ешқандай болжаулар дәл орындалмаған. Ал реалистік тұрғыдан қарар болсақ, автоматизация, роботизация жұмыссыздық тудырмайды. Еңбек нарығы және экономика өте күрделі. Еңбек нарығында жұмыс шектеулі емес, «100 жұмыс орны бар, оның 50-ін робот алып қойса, 50 адам жұмыссыз қалады» деу жөн емес. 50-ін роботтар алып қойса, қосымша тағы 50 немесе 100 жұмыс орны пайда болады. Мысалы, бір зауыт роботты өндіріс процесіне енгізсе, сол зауыттан шыққан өнім нарықта арзан бағамен сатылады. Бұл қаржы жағынан халыққа тиімді. Артылған ақшасын ел басқа салаға, қызметке жұмсайды. Мәселен, біреудің қалтасында 5 мың теңге артылса, ол оны баласын оқытуға жұмсаса, педагогтерге сұраныс артты деген сөз, яғни, роботизация жұмыс орындарын алып қоймайды, көбейтеді, – дейді Ғизат Маханов.

АҚШ-та жасанды интеллект пен роботизация өзге елдермен салыстырғанда аз да болса көш ілгері. Бірақ соның өзінде процесс әлсіз. Бірақ Жапония мен Оңтүстік Кореяда роботизация керемет дамыды. Роботтар барлық саланы жайлаған. Дегенмен жұмыссыздық деңгейі төмен, жұмыс орындары керісінше көбейіп, мамандарға сұраныс артқан. Әйтпесе он мыңдаған қазақ баласы Оңтүстік Кореяда тектен-тек жүрген жоқ. Роботизация дамыған елде жұмыс күшіне сұраныс көп. Демек, роботизациядан қорқу – пайдасыз нәрсе.

Ал Қазақстанда роботизация өте қымбат. Оны жасау, енгізу, күрделі бизнес процестерінде қолдану қиын әрі шығыны мол. Ірі өнеркәсіптер болмаса, жаңа технологияға орта және кіші кәсіптің тісі батпайды. Сондықтан елімізде бүгін-ертең салалар мен мамандықтарға байланысты өзгерістер болатынына сену қиын.

1-бет

ҮЗДІК ПЕДАГОГ

# КӨП ТІЛ БІЛГЕННІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢ

Орыс тілі – әлемдегі ең көп таралған тілдердің бірі. 260 млн адам осы тілде сөйлеп, бұл көрсеткіш бойынша әлемде 6-орында. Еуропадағы ең көп қолданылатын тіл болғандықтан оны білуге, тез үйренуге тырысатындар жетерлік. Тіпті ауылдың қарадомалақтары да орыс тілін жетік біліп, әлемдік деңгейде өздерін көрсетіп жүр. Әрине, ондай танымал тұлғалардың артында тіл үйреткен білікті педагог, мықты мұғалім тұрғаны анық.

Sb **Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»**

Ауыл балаларының тіл білуге деген ынтасын арттырып, олардың республикалық, халықаралық дәрежеде жеңімпаз атануына үлес қосып келе жатқан Жанна Қонарова Арал қалалық №14 мектеп-лицейінде 1992 жылдан бері жұмыс істейді. Педагог-шебер, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. Аудандық орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі, облыстық пән бірлестігінің белсенді мүшесі. Шығармашыл ұстаздың еңбектері аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде таратылып келеді.

Оның оқушылары жыл сайын өткізілетін жалпы білім беретін пәндердің аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадаларда жеңімпаз атанып жүр. Мәселен, 2017-2018 оқу жылында 11-сынып оқушысы Аида Жасекенова, 2018-2019 оқу жылында Ұлболсын Қожантаева республикалық пән олимпиадасының қорытынды турына қатысып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің орыс тілі мен әдебиеті пәніне ерекше жетістіктер көрсеткені үшін мадақталған. Осы оқу жылында Інжу Маратқызы 5-6 сынып оқушыларына арналған орыс тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиадасының облыстық кезеңінің жеңімпазы атанса, 11-сынып оқушысы Назерке Еңсепбайқызы халықаралық «Аль Фараби-2023» олимпиадасының 3-орын дипломымен марапатталған.

Жалпы көп тіл білудің еш артығы жоқ. Өйткені тіл арқылы адам өзге елдің мәдениетін, ұлттық ерекшелігін таныпбіліп, таным көкжиегін кеңейте түседі. Көп тіл меңгерген адамның білімі де, өмірге деген көзқарасы да терең болады.

– Бүгінде ауыл балаларының орыс тіліне қызығушылығы жоғары. Олар тіпті мұғалім үйретпей-ақ, теледидар мен телефоннан түрлі бағдарламалар мен мультфильмдер көріп-ақ орысша сөйлей алады. Байқасаңыз, отбасында ата-анасы бір ауыз орыс тілін білмесе де, балалары сайрап тұрады. Туғаннан тіл біліп жатқан балалар көп. Ал мектептегі жағдайға келер болсақ, бірінші сыныптан орыс тілі пәні алынып тасталды. Бұл бір жағы дұрыс деп ойлаймын. Бала ең алдымен ана тілін терең меңгеріп алғаны дұрыс. Ал екінші сыныптан бастап енгізгені дұрыс. Тіл білгеннің зияны жоқ. Көпшілік арасында баласын орыс мектебіне берсе, орыстанып кетеді деген қате ұғым бар. Егер ата-ана үйде тек қазақ тілінде сөйлесіп, ұлттық тәрбиені сіңірсе ондай болмайды. Үлкен мегаполистерде тұратындардың ата-анасы орыс тілінде сөйлегендіктен баланың ойлауы, сөйлеуі орысшаланып кетуі мүмкін. Ал ауылда тіл білетіндер жетіспейді. Аралда ата-аналар көбіне баласын орыс сыныбына беруге тырысады. Мұндай балалар екі тілде еркін сөйлейді. Қазақта «Бір тіл білсең бір адамсың, екі тіл білсең екі адамсың» деп бекерге айтылмаған, – дейді педагог.

Өзінің шығармашылығымен облыс, республика көлеміне танымал ұстаз көптеген байқаулар мен сайыстардың жеңімпазы атанған. Айталық, «Менің педагогикалық мамандығым» атты IV халықаралық педагогикалық шеберлік конкурсының жеңімпазы, республикалық инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалінің 2-дәрежелі дипломының иегері, «Өз ісінің шебері» номинациясының жеңімпазы. Көкшетау қаласындағы «Келешек – 2030» баспасынан 2000 данамен «7-сыныпқа арналған орыс тілі пәнінен дидактикалық материалдар» жинағы шығарылып, республика көлеміне таратылған. «Учимся читать и понимать текст», «Работа с текстом как средство развития функциональной грамотности учащихся» авторлық бағдарламалары, «Когда учитель властитель дум», тағы басқа әдістемелік басылымдары жарық көрген. Көптеген ғылыми-практикалық конференцияларда жасаған баяндамалары үздік деп танылып, бірнеше жинаққа енгізілген.

Аудандық, облыстық білім қызметкерлерінің озат тәжірибесін жинақтау, тарату мақсатында жыл сайын ұйымдастырылатын «Тәжірибе алаңында» өзінің тың идеялары және инновациялық бағыттағы жұмыстарымен ерекшеленіп, көптеген марапаттарға ие болып, «Тәжірибе алаңының» 10 жылдығына арналған «Ең үздік шығармашыл мұғалім» мерейтойлық медалін иеленді. Білім саласындағы жемісті еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Шапағат» медалімен, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған, Қызылорда облысы әкімдігінің білім беру саласының қызметкерлеріне тағайындаған біржолғы сыйақысының иегері. Өткен жылы республикалық «Үздік педагог-2023» байқауының жеңімпазы атанды.

АТ СПОРТЫ

# ДУБАЙДА ДАРА КЕЛДІ

12 қаңтар күні қазақтың бәйге тарихында болмаған жеңіс орын алды. Ол – Кабирхан есімді жүйріктің Дубайды дүбірлеткен жүлдесі. Мейдан ипподромында өткен 2 мың метрлік бәйгеде шабандоз Пэт Доббс мінген Кабирхан мәре сызығын бірінші болып кесті. Сөйтіп, ат иесі қазақстандық Тілек Мұхамбетқалиев 25 миллион теңге сыйақыға ие болды.

Фото: Ашық дереккөзден

Жарыста қазақ тұлпары ә дегеннен көш бастаған жоқ. Ақырын-ақырын күш алып қарсыластарынан оза түсті. Тек мәре сызығына 300 метр қалғанда Араб әмірлігіне тиесілі Бук Ревью мен Ресейдің намысын қорғаған Хироу Моны шаң қаптырды. Айтарлығы, бұл додадағы жүйріктер Дубайда бір жылға жуық дайындықта тұрған. Кабирхан ол жақта небәрі екі айдай ғана дайындалып шапқан екен.

– Кабирхан – 4 жасар айғыр. АҚШ-та дүниеге келген. Бәссаудада сатып алғанбыз. Алғашқы жарысын Алматы ипподромында бастаған жүйрікті Руслан Юлдашев дайындады. Сөйтіп, құнанында Алматыда өткен бәйгеде ел чемпионы болды. Үш жасқа шыққан уақытында Ресейге жібердік. Онда белгілі атсейіс Аслангерей Шавуев дайындады. Ол Ресейде екі рет Дербидің үздігі атандырды, – дейді ат иесі Тілек Мұхамбетқалиев.

Ресейде Мырзабек Қапышевтің тақымында 6 рет бәйгеге қосылып, бес рет бірінші, бір рет екінші орын алған. Ал осы жолы Кабирханды Дубайдағы №1 бапкер саналатын американдық Дуглас Уотсон жаратқан.

Дүлдүлдің иесі Тілек Мұхамбетқалиевтің ат спортымен айналысып келе жатқанына бес жылдан асыпты. Бұл тұлпарды ол 2021 жылы АҚШ-тан 12 мың долларға сатып алған. Тұқымы – таза ағылшын. Шежіресі де жаман емес. Айғыры – Калифорния Хром, енесі – Литл Эмелли. Атсүйер қауымның есінде болса, Калифорния Хром 2016 жылы Дубай кубогын ұтқан болатын. Атап айтарлығы сол, Кабирхан – әзірге Қазақстан атын әлемге танытқан жалғыз жүйрік. Бұған дейін Қазақстан бапкерлері көрші Қырғызстан мен Ресейге ғана ат қосып барған, онда да аламан бәйгеге ғана апаратын. Ал Тілек Мұхамбетқалиев бәйге тарихында тұңғыш рет Дубайда ұшқыр бәйгеде ат оздырып, атын тарихқа жазды.

Иесі оны алдағы уақытта АҚШ пен Ұлыбританияда өтетін жарыстарға апаруды жоспарлап отыр. Айтпақшы, сәйгүлік екі апталық демалыстан кейін Al Maktoum Challenge додасының екінші кезеңіне қатысады. Сол жерде үздік атанса Бүкіләлемдік кубок үшін бақ сынайды.

Сәйгүліктер арасындағы «Формула-1» атанған Дубай бәйгесін ұту оңай жұмыс емес. Дубайды дүбірлеткен дүлдүлдің алдағы жарыстарына сәттілік тілейміз.

**Көкен АҚТАН**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22856 | Тапсырыс №78 | Кезекші редактор **Мадияр ТӨЛЕУ**